

Тендер өткізу туралы хабарлама

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервінің материалдық құндылықтарын (жаңарту, броньнан шығару тәртібімен) шығару бойынша тендер өткізілетінін хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес тендерге қатысу туралы өтінім болған жағдайда, 2015 жылдың наурыз-желтоқсан айлары бойы әрбір сәрсенбі күні Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің ғимаратында Астана қ. Янушкевич көшесі 2, мекенжайы бойынша сағат 11.00-де өткізіледі.

Тендерге қатысуға өтінім берген үміткерлерді тіркеу www.kgmr.gov.kz сайтында хабарлама жарияланған күннен басталады және де жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша сағат 18.00-де тендерлік өтінімдер конвертін ашу күнінен бір күн бұрын аяқталады.

Тауар туралы мәлімет, ең төменгі көлем, қосымша құн салығы есепке алынған немесе есепке алынбаған кесімді баға, тауар құнын төлеу мерзімі, тауарды шығару мерзімі және тауардың орналасқан орны туралы ақпараттар осы хабарламаға қосымшада көрсетілген.

Үміткер лот сомасының 3 (үш) пайызы көлемінде тендерге қатысу үшін өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді.

Үміткер тендерге қатысуы үшін өтінімді қамтамасыз ету түрлерінің келесі біреуін таңдайды:

1) ҚР ҰЭМ ММРК «Резерв» ШЖҚ РМК-нің банктік есеп шотына келесі реквизиттер: КБЕ 16, «Астана Банкі» АҚ Астаналық филиалы, БСК ASFBKZKA, ЖСК KZ504500339860000119, БСН 081041005964 бойынша енгізілген ақшалай кепілдік жарнасы;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 55 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің банктік кепілдіктер мен кепілдемелерді беру ережесіне сәйкес берілетін банктік кепілдік.

Үміткердің оның тендерге қатысу өтінімінің қолданыс мерзімі өткенше енгізілген ақшалай кепілдік жарнасына толықтай не бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғада пайда болуына әкеп соғатын әрекеттеріне жол берілмейді.

Шығару шарты – ҚР ҰЭМ ММРК «Резерв» ШЖҚ РМК франко-қоймалары және/немесе жауапты сақтау пункттері.

Тендер ұйымдастырушы тендерлік комиссия отырысын өткізуді оның басталуына дейінгі бір күннен кешіктірмей тоқтатуы мүмкін, ол жөнінде www.kgmr.gov.kz сайтында хабарландырулар орналастырылатын болады.



Тендерлік комиссияның отырыс хаттамалары www.kgmr.gov.kz сайтында орналастырылатын болады.

Тендерлік өтінімдерді қарау нәтижесі туралы хабарлама тендер өткізілген күннен бастап 1 (бір) тәулік ішінде www.kgmr.gov.kz сайтында орналастырылады.

Анықтама үшін телефон: 8(7172) 27-44-59, 27-44-49

The bottom of the page contains several handwritten signatures and stamps. On the left, there is a signature that appears to be 'И.И. Сулейменов'. To its right is another signature, possibly 'А.А. Аманжол'. Further right, there is a signature that looks like 'А.А. Аманжол' and another one that is less legible. On the far right, there is a signature that appears to be 'А.А. Аманжол' and a small circular stamp or mark.